

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 33 (753) 17.8. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

МАҢЫЗДЫ МЕМАРАНДУМ



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ҚХР-ҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ. САПАР БАРЫСЫНДА ОЛАР ШЫҢЖАҢ-ҰЙҒЫР АВТОНОМИЯЛЫҚ АУДАНЫ ҚКП ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ ХАТШЫСЫ МА СИНЖУЙМЕН, ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯ ӘКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСІП, БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ.

ЖІБЕК ЖОЛЫ: ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

Басқосуда екіжақты ынтымақтастықты, шекара аймағын, екі ел арасындағы сауданы дамыту мәселесі талқыланды.

«Біз Қытаймен шекаралас аймақ ретінде елдің шығыс бағытындағы байланыстарына жауаптымыз. Қытайдың Қазақстанмен ынтымақтастығы Шыңжаң және Алматы облысы арқылы жүзеге асырылады. Алматы облысы ШҰАА-мен өнеркәсіп, көлік, логистика, ауыл шаруашылығы және туризм секілді көптеген сала бойынша табысты іс-қимыл жасайды», – деді өңір басшысы кездесу барысында.

Сонымен қатар ол Алматы облысының даму әлеуеті жайлы айтып, өңірдің қазіргі көрсеткіштерімен бөлісті.

Кездесу нәтижесінде облыс әкімінің орынбасары Алмас Батанов және «Қонаев» ӘКК басқарма төрағасының орынбасары Жандос Еркебаев Қытай елінің өкілдерімен бірнеше Меморандумға қол қойды.

Оның біріншісі – «Jingyi» компаниясымен жасалған келісім. Аталған серіктестік облыстағы Арнайы экономикалық аймақта немесе Индустриалды аймақта ірі сауда кешенін салмақ. Жобаның атауы – «Қазақстан-Цзиньи халықаралық көтерме сауда орталығы». Мұнда кеңселер, жатақханалар, кедендік бақылау аймақтары, жеміс-жидек және көкөніс сататын сауда үйлері және т.б. қажетті нысандар бой көтермек. Тартылатын инвестиция көлемі – 125 млн АҚШ доллары.

Ал екінші құжат «Қалжат-Дулат» кедендік өткізу пунктін дамытуға арналды. Маңызды Меморандум шеңберінде шекара аймағының инфрақұрылымы және ақпараттық технологиясы жаңартылады, кеденде құжат рәсімдеу оңтайландырылып, шекарадан өту уақыты азаяды, жүк тасымал-

дау, оны тиеу мүмкіндіктері артады. «Xinjiang tianyun Organic Agriculture Co» компаниясы болса, Алматы облысының аумағында балық өсіретін зауыт салмақ. Бұл серіктестікпен де екіжақты келісімге қол жеткізілді.

Өңірде егістік алқаптарын тамшылатып суару әдісіне көшіру – күрделі мәселенің бірі. Алайда, осы жолы облыс әкімдігі суды үнемдейтін жаңа суару жүйесін енгізіп, оған қажетті құрал-жабдықтарды шығаратын зауыт салу мақсатында тағы бір қытайлық компаниямен Меморандумға қол қойды. Ал мамандар бұл шешім ауыл шаруашылығының дамуына тың серпін беретініне сенімді болып отыр. Сондай-ақ ШҰАА-дағы автономиялық округтің басшылығы мен Алматы облысының әкімдігі арасында туризм саласын дамыту туралы құжатқа қол қойылды. Меморандум аясында қытайлық мамандар өңірдегі туризмнің дамуына ықпалдасып, екі елдің ортақ мүддесі үшін қызмет ететін болады. Бұдан бөлек, көрме, слет, конференция, фестиваль секілді ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, туристік бағыттарды танымал ету бағытында бірқатар жұмыстар атқарылмақ.

Естеріңізде болса, биылғы жылдың наурыз айында Алматыда Қазақстан мен Қытай шекара ынтымақтастығының II Достық диалогы өткен. Сонда Марат Сұлтанғазиев ШҰАА-мен бауырластық байланыс орнату туралы келісімге қол қойған болатын.

Достық диалогта Үрімші мен Алматыда сауда хабын салу жоспарланып отырғаны, Қазақстан және Қытай арасындағы үшінші теміржол өткелі ашылатыны айтылған.

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

22 ТАМЫЗ – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ДҮНИЕДЕН ОЗҒАН КҮНІ

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫ УАҚЫТ БИІККЕ КӨТЕРДІ

Қазақ халқының сүйікті перзенті, қазақ елінің өркендеуіне жиырма бес жыл бойы үлес қосқан, халық алдында абыройлы басшы атанған аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың қайтыс болғанына 22 тамызда - 30 жыл толады.

Кеңес Одағының құрамында болған кеңестік Қазақстанның экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым, білім, өнер, мәдениет, әдебиет салаларының өркендеп, өсуі, дамуы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың республика мүддесіндегі қайраткерлік еңбегінің нәтижесі деуге толық негіз бар. Өткен ғасырдың 60-80 жылдары Қазақстан экономикасының барлық салаларында, аграрлық кешенде, құрылыста, ғылым, білім, өнер, мәдениет құндылықтарының өркендеу жетістіктері Одақ көлемінде бағаланып, мойындалған дәуір болды. Қазақстан сол жылдары Кеңес Одағындағы 15 республиканың алдыңғы қатарында көп көрсеткіштер бойынша Ресей, Украинадан кейінгі орынды иемденді.

Дінмұхамед Қонаевтың тұсында елімізде 43 қала салынып, жер асты байлықтарын жаппай игеруге қол жетті. Астық өндіру 3 миллионнан 7 миллион тоннаға, қой саны 16 миллионнан 37 миллионға, ірі қара 4 миллионнан 10 миллионға өсті. Дінмұхамед Ахметұлының өз сөзімен айтқанда, ол елді басқарған 30 жыл ішінде бір Қазақстанды 7 Қазақстан етіп өсірді.

Дінмұхамед Қонаев Алматы облысының Ақдала мен Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай ГЭС-і мен Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы арнасын салуға ерекше көңіл бөлді. Әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырды. Ол республикаға басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, Қазақ елінің ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. Алпысыншы жылдардың басында Никита Хрущевтің өктемдігімен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі. Ол Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шыға білді.

Партия басшылығында одан бұрынғы кезеңдердегі науқаншылықтан бас тартып, салмақты, салиқалы қаулы, қарарларға бетбұрыс жасалды. Басқарушы аппараттың,



басшы кадрлардың тұрақтанып жұмыс істеуіне мән берілді. Ресми цензураның өзінде, айқай, шусыз, даңғазасаясатшылдықсыз, өткен тарихымызды, мәдениетімізді зерттеуге ден қойылды.

Дінмұхамед Ахметұлының қайратты, кемел шағында Қазақстанда басшы кадрлар өсіп, жетілді. Республика басшылығында, оның салалық министрліктерінде, өңірлерде, партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол ұйымдарында жүздеген, мыңдаған жас мамандар қоғамдық жұмысқа тартылып, жан-жақты қоғамдық мектептерден өтіп, еліміздің халық шаруашылығында, өндіріс орындарында, партиялық, кеңестік жетекшілік қызметтерінде адал еңбек ете алды. Олардың көпшілігі өзінің біліктілігімен, қоғам, мемлекет ісіне адалдығымен Қазақстанның жаңа дәуірінде де абыройлы еңбек ету мүмкіндігіне ие болды.

Дінмұхамед Ахметұлы халықпен емен-жарқын жүздесіп, қаншама адамның жүрегіне жарқын із, жақсы әсер қалдырды. Аға ұрпақ өкілдері тарапынан ол туралы әлі күнге тамаша естеліктер айтылып келе жатыр. Ол көзі тірісінде-ақ ерен еңбегінің арқасында халық көсеміне айналды. Өзінің мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді.

Тарихымыздың ұлы тұлғасы – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жарқын бейнесін күн көзінен көлегейлемек болған пенделерге уақыт өз бағасын беріп, биік тұғырға қондырды. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қапшағай қаласына Қонаев атауы беріліп, Алматы облысының орталығына айналды. Балқаш ауданының Бақанас ауылында еңселі ескерткіші бой көтерді. Күн шығыстан шығып, Қонаев дәуірі қайта басталды.

Ләйім, ұзағынан сүйіндірсін!

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ